

Бекболатова Айнагуль Такеновнаның
8D08201 – Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы білім беру бағдарламасы
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Солтүстік Қазақстан өңірінде қалмақ тұқымы
төлінің өсім қарқынын арттыру» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына
Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) <u>диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</u></p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>Диссертация жұмысы жұмысы 2 мемлекеттік тапсырыс шеңберіндегі жоба аясында орындалды:</p> <p>- 217 "Ғылымды дамыту" бюджеттік бағдарламасы, 102 "Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру" кіші бағдарламасы, 156 "Консалтингтік қызметтер мен зерттеулерді толеу" ерекшелігі бойынша ЖТН АР08956453 "Қостанай облысы жағдайында қалмақ тұқымын жетілдіру жөніндегі бағдарламаны әзірлеу" ғылыми гранттық жобасы.</p> <p>- BR 10764981-ОТ-22 «Етті мал шаруашылығында генетикалық ресурстарды сақтау мен жетілдірудің селекциялық процесін тиімді басқару технологияларын әзірлеу» ғылыми-техникалық бағдарлама аясында орындалды.</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Қалмақ ірі қара мал тұқымының төлдерінің өсім қарқынын арттыру-жұмыстың маңызды жетістігі болып табылады. Сонымен қатар тұқым етінің мәрмәрлігін EXAGO ультрасонограф құрылғысымен анықтау жетілдірілуде. Нәтижелер басылымдармен расталды.

			Scopus дерекқорында жарияланған. Ғылымға толығымен өз үлесін қосады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертациялық жұмысты орындау барысында докторант көптеген басқа авторлардың ғылыми еңбектерімен мұқият саралай отырып, жан-жақты талдау жасаған. Өзінің тәуелсіздік деңгейін жоғары деңгейде көрсетті. Жұмыстың жазу деңгейі жоғары және зерттеу нәтижелеріне қорытынды жасалған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі Солтүстік Қазақстан облыстарының етті мал шаруашылығының болашағы бар, салыстырмалы түрде елімізге жаңадан импортталып келген мал тұқымы -қалмақ тұқымымен сипатталады. Осыған байланысты ғылыми-зерттеу жұмыстары Солтүстік Қазақстан аумағындағы «Московский» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі шарттарында «Стройный-2520» және «Морьяк-12054» қалмақ тұқымының аталық іздерінен тараған туғаннан бастап 15 айлық жасқа дейінгі төлдерге (бұқашықтар мен ұрғашы баспақтар) жүргізіліп, нәтижелері талқыланып, негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертация тақырыбы жұмыстың мазмұнын толық айқындайды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес

		<p>1) <u>сәйкес келеді:</u> 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.</p> <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан;</u> 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.</p> <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.</p>	<p>келеді, сонымен қатар нақты, рет-ретімен қойылған.</p> <p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық толық байланысқан.</p> <p>Ізденуші жұмысының зерттеу нәтижелерін осы уақытқа дейін жарияланған ғылыми еңбектермен салыстырып сыни талдау жасаған.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Солтүстік Қазақстан облысында бірінші рет етті қалмақ тұқымы шаруашылығын дамыту жоғары сапалы сиыр етін өндіруді арттыру үшін қолайлы жағдай жасайды және біздің республикамыздың ет пен ет өнімдерінің импортына азық-түліктік тәуелділігін төмендетеді. Бұл өсу қарқындылығын, интенсивті осуді, бордақылау контингентінің таза салмағын арттыру, сиырлардың сүттілігін және ауруларға төзімділігін арттыру.</p> <p>Қазақстан аймағының шаруашылықтары үшін қалмақ етті ірі қара мал тұқымының ет өнімділігін арттыру жолдары мен қалыптастыру бойынша шаруашылықтарға ұсыныс әзірленді. Диссертациялық жұмыстағы ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа.</p>

		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p> <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың қорытындылары толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген және 75% жаңа болап табылады.</p>
6.	Негізгі негізділігі қорытындылардың	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куоолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған ережелер негізгі	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру</p>	<p>Қорғауға шығарылған негізгі ережелер дәлелденді: 7.1 1) дәлелденді 7.2 2) жоқ 7.3 3) диссертацияда қорғауға шығарылған қағидалар қолдану деңгейі кең және инновациялық үлесі бар.</p> <p>7.4 Жұмыстың тәжірбиелік маңызы бар, сиыр еті өндірісінің заманауи технологияларын пайдалану кезінде; ұшаның морфологиялық құрамы және жоғары рентабельділігінің жақсы қатынасымен сойыс салмағының жоғарғы шығымын қамтамасыз ететін төлдерді қарқынды өсіруді өндіріске енгізуде, импорттық тұқымның ет өнімділігінің қалыптасу ерекшеліктерін ескере отырып, азықтандыру мен күтіп-бағудың тиімді нұсқауларын және төлдерді етке өткізудің тиімді мерзімдерін анықтауда маңызы бар жұмыс болып</p>

		<p>мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>табылады.</p> <p>7.5 Алынған нәтижелер отандық ғылыми басылымдар мен қатар, Scopus дерекқорында «OnLine Journal of Biological Sciences» журналында жарияланып дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ақпараттың дәйектілігі ұсынылған	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың әдістемесі егжей-тегжейлі сипатталған және жұмыстың міндетіне сай негізделген.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы өңделген, қазіргі заманғы құрылғыларды пайдалана отырып, биохимиялық және зоотехникалық зерттеу әдістері қолданылған.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Теориялық қорытындылар зерттеу нәтижелерін көрсетеді, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Алынған нәтижелер шетелдік және отандық әдебиет, Scopus т.б. сілтемелермен расталған және ғылыми әдебиет көздеріне жан-жақты шолу жасалынған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.</p>	<p>Әдебиеттер тізімі әдеби шолуда жеткілікті пайдаланылған. Диссертациялық жұмыста отандық және шетелдік еңбектерге шолу жасалып негізге алынған.</p>
9	Практикалық құндылық қағидаты	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p>1) бар;</p>	<p>Диссертацияның теориялық маңызы бар, алынған нәтижелер бойынша</p>

		2) жоқ.	отандық етті қалмақ тұқымының шаруашылық-биологиялық ерекшеліктерін, ет өнімділігінің генетикалық потенциалын, өнімділіктің сандық және сапалық көрсеткіштерін, қазіргі заманғы білімді тереңдетуге және кеңейтуге қолдануға мүмкіндігі бар.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.	Диссертацияның практикалық маңызы зор, себебі ұшаның морфологиялық құрамы және жоғары рентабельділігінің жақсы қатынасымен сойыс салмағының жоғарғы шығымын қамтамасыз ететін төлдерді қарқынды өсіруге, импорттық тұқымның ет өнімділігінің қалыптасу ерекшеліктерін ескере отырып, азықтандыру мен күтіп-бағудың тиімді нұсқауларын және төлдерді етке өткізудің тиімді мерзімдерін анықтауға мүмкіндік береді.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Ізденушінің ұсынып отырған тәжірбиелік ұсыныстары толығымен жаңа болып табылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық стандарттарға сай және жазу сапасы- жоғары. Диссертация барлық талаптарға сай орындалған. Отандық және шетелдік әдебиеттер тізімі зерттеу тақырыбына сай, зерттеу нәтижелері негізінде тұжырымдар жасалынған.
11.	Диссертацияға ескертулер		Ізденушіге диссертацияда кеткен стилистикалық, орфографиялық (сөздердің қосылып кетуі, бөлек жазылуы, сызықшалардың қойылуына 8.18.65.74.81.85) көңіл

			аударуы қажет. Бұл ескертулер өте оңай жойылады және жұмыстың құндылығымен сапасына әсер етпейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Ізденушінің зерттеу тақырыбы бойынша отандық және шетелдік ғылыми басылымдардағы мақалалармен дәлелденген және жарияланған ғылыми мақалалар деңгейі жоғары. Ұсынылған жұмыс диссертациялық жұмыс деп танылады.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі среженің 28-тармағына сәйкес)		Бекболатова Айнагуль Такеновнаның 8D08201 – Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесінің тағайындалуын ұсынамын.

Ресми рецензент:

Қызметі, жұмыс орны, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы

«Торайғыров университеті» КеАҚ Агроинновация және биотехнология ғылыми зерттеу институтының бас ғылыми қызметкері, а.ш.ғ.к., қ.профессор

(қолы, тегі, аты-жөні)



Қ. Ақажанов

мерзімі « _____ » _____ 20 _____ ЖЫЛ

Қолы расталады, мөрмен

